29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

29 ноября
ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Адам капиталын дамыту – еліміздің конституциялық міндеті. Біз саналы, жауапкершілігі мол, ойы ұшқыр, бәсекеге қабілетті, отаншыл және адал азаматтарды тәрбиелеуіміз керек. Бұл – еліміздің өсіп-өркендеуінің кепілі. Отаншылдық, еңбекқорлық, жасампаздық, өзара сыйластық, жанашырлық құндылықтарын кең ауқымда дәріптеп, қоғамымызда жаңарған этика қалыптастыруымыз қажет.

№139
(5037)
Сейсенбі
24 қараша
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ТҮН ОРТАСЫНА ДЕЙІН АШЫҚ

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхана сағат түнгі 12-ге дейін жұмыс істейді. Жаңа кесте азаматтарға жұмыстан немесе оқудан кейін кітапханаға келіп, кітап қорын пайдалануға, кешкі уақытта оқу залында жұмыс істеуге мүмкіндік беріп отыр.

Жұмыс уақыты ұзарған алғашқы күндерден-ақ кітапханаға келушілер саны арта бастады. Мәселен, кей күндері кешкі 8-ден кейін кітапханаға келушілер саны 480 адамнан асты. Сонымен қатар кітапхана қызметкерлерінің еңбек құқығын сақтауға ерекше назар аударылады. Кешкі жұмыс ауысым кестесіне сай ұйымдастырылып, қызметкерлердің белгіленген тынығу уақыты сақталады. Ауысым аяқталған соң олардың үйіне қауіпсіз жетуі үшін көлік қарастырылған. «Кітап оқитын ұлт» республикалық марафоны 76 күнге жетті. Осы уақыт ішінде қатысушылар 1,5 миллионнан астам кітап оқыды.


Сұлтан СЕЙІТ



«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ҚАНАТҚАҚТЫ ЖОБА ЕЛОРДАДА БАСТАЛДЫ

Елімізде жүргізуші куәлігін алуға арналған теория емтиханын онлайн тапсыру мүмкіндігі іске қосылды. Әзірге қанатқақты жоба Астанада тіркелген азаматтарға қолжетімді. Емтиханды үйден шықпай-ақ, компьютер арқылы тапсыруға болады. Бұл туралы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ мәлім етті.

29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

2 БЮЛЛЕТЕНЬ БЕРІЛЕДІ

29 қараша күні өтетін Астана қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау күні әр сайлаушыға екі бюллетень беріледі. Оның бірінде саяси партияны, екіншісінде бірмандаттық сайлау округі бойынша ұсынылған кандидатты таңдау қажет.

Дауыс беру күні әр сайлаушыға түсі әртүрлі екі бюллетень беріледі:

Көк бюллетень партия тізімі бойынша сайлауға қатысатын саяси партиялар үшін дауыс беруге арналған.

Жасыл бюллетень бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайлауға түсетін кандидаттар үшін дауыс беруге арналған.

Яғни сайлаушылар екі бөлек таңдау жасайды: біріншісінде саяси партияға, екіншісінде өз сайлау округі бойынша ұсынылған кандидатқа дауыс береді. Екі бюллетеньде де «Барлығына қарсы» деген нұсқа бар.



ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП КҮШЕЙДІ

Бас қалада өтіп жатқан «Құқықтық тәртіп» жедел-профилактика іс-шарасы аясында 1200-ден астам құқық бұзушылық анықталды.

Іс-шара аясында полиция жасақтарының патрулі күшейтіліп, қоғамдық орындар мен азаматтар көп шоғырланатын аумақтар тексерілуде. Негізгі назар қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтарды дер кезінде анықтау және жолын кесу, көші-қон заңнамасының талаптарын бақылау, сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

«Жедел-профилактика іс-шарасы басталғалы бері елордада 1200-ден астам әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Атап айтқанда, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін 97 әкімшілік материал рәсімделді. Сонымен қатар көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін 22 адам жауапқа тартылып, 20 шетел азаматы Қазақстан Республикасының аумағынан шығарылды» делінген хабарламада.



№139 (5037) 24/11/2026 Сейсенбі

АҚОРДА



ҚҰРЫЛТАЙ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Құрылтай Төрағасы Айбек Дәдебайды қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа Құрылтай жұмысының қазіргі нәтижелері және «Әділет» партиясының қызметі туралы баяндалды.

Құрылтай Төрағасы депутаттар 18 заң қабылдағанын және 38 заң жобасы қаралып жатқанын мәлімдеді. Мемлекет басшысы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуында және Қазақстан халқына Жолдауында айқындаған міндеттерді заңнамалық тұрғыдан іске асыруға басымдық беріліп отыр. Жаңа Азаматтық кодекс әзірленіп жатыр. Сонымен қатар балалардың құқықтарын қорғау, педагогтер мен медицина қызметкерлерін қолдау және өзге де әлеуметтік маңызды бағыттар бойынша заңнамалық бастамалар пысықталуда.

2027-2029 жылдарға арналған республикалық бюджет қабылданды. Депутаттардың бастамасымен өңірлердегі 52 инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыру үшін қосымша 47 миллиард теңге қарастырылды. Қаражат жылу, электр, газ және сумен жабдықтау жүйелерін жаңғыртуға, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталады.

Кездесуде қабылданған заңдардың орындалуына парламенттік бақылауды күшейту шаралары да таныстырылды. Атап айтқанда, заңдардың іс жүзінде қолданылу тиімділігі мен қабылданған шешімдердің нәтижесін бағалауға арналған заңнамалық мониторинг жүргізу қағидалары бекітілді. Сонымен қатар заң жобаларын талдау, құқықтық қайшылықтар мен ықтимал тәуекелдерді анықтау үшін e-Quryltai жүйесі және жасанды интеллект технологияларын енгізу жалғасып жатыр.

Құрылтайдың қоғамдық қабылдауы мен e-Otinish жүйесі арқылы халықпен кері байланысты нығайту перспективасы талқыланды. Азаматтар көтерген мәселелер заңнамалық бастамаларды әзірлеу кезінде ескеріледі. Сессия басталғалы өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша 111 депутаттық сауал жолданған.

Айбек Дәдебай сарапшылармен, қоғамдық ұйымдармен, өңірлердегі және халықаралық серіктестермен байланыс нығайып келе жатқанын жеткізді. Мәслихаттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес құрылып, ЮНИСЕФ-пен балалардың құқықтарын қорғау мәселесі бойынша ынтымақтастық орнатылды. Женевада өткен Парламентаралық одақ алаңында жасанды интеллектіге негізделген AI-Quryltai парламенттік платформасы таныстырылды.

Мемлекет басшысына «Әділет» партиясының қызметі туралы да ақпарат берілді. Партия Үкіметпен бірлесіп, 2026-2031 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламаны іске асыру жөніндегі жол картасының жобасын әзірледі. Құжат 303 іс-шараны қамтиды. Олардың орындалуын қадағалау үшін цифрлық мониторинг құралдары енгізіліп жатыр.

Партияның қоғамдық қабылдауына 14 мыңнан астам өтініш түсті. Оның 8,3 мыңнан астамы оң шешімін тапты. Партиялық бақылау барысында 300-ге жуық әлеуметтік инфрақұрылым нысаны тексеріліп, анықталған кемшіліктердің 80 пайызға жуығы жойылды. Ал «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында 12 мыңнан астам азаматқа көмек көрсетілді. Сондай-ақ партия сайлаушылардың ұсыныс-тілектерін және тапсырмалардың орындалуын қадағалауға арналған «Әділет.365» цифрлық жүйесін іске қосты.

Кездесу соңында Құрылтайдың заң шығару қызметі мен партия жұмысының алдағы басымдықтары талқыланды. Президент тапсырмаларын іске асыру, сайлауалды міндеттемелерді орындау және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты шешімдер қабылдау мәселелеріне баса мән берілді.

ТОП ҚҰРАМЫ БЕКІТІЛДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы стратегиялық даму мәселелері жөніндегі сараптама тобы» туралы өкімге қол қойды.

Стратегиялық даму мәселелері жөніндегі сараптама тобы – Президент жанындағы консультативтік-кеңесші орган. Ол Қазақстан Республикасының ұзақмерзімді дамуына қатысты тұжырымдамалық тәсілдер мен басымдықтарды сараптамалық тұрғыдан пысықтау мақсатында құрылған. Сараптама тобының негізгі міндеттері – концептуалды тәсілдерді анықтау және сараптамалық жағынан әзірлеу, талдамалық, әлеуметтік, сондай-ақ форсайт зерттеулердің нәтижесін талқылау.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты Сараптама тобының жұмыс органы саналады. Сараптама тобының отырысы қажет кезде, алайда кем дегенде айына бір рет өтеді. Отырысқа мемлекеттік органдар, ғылыми ұйымдар, сарапшылық қауымдастықтар, іскерлік орта, азаматтық қоғам өкілдері және Сараптама тобының құрамына енбеген басқа да мамандар қатыса алады.

ҮКІМЕТ

ӨҢІРЛЕРДЕ ҚАНДАЙ НЫСАНДАР АШЫЛДЫ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында Қазақстан өңірлерінде өнеркәсіп, әлеумет, спорт, көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыс жалғасуда.

Бір апта ішінде елімізде газ баллондары мен клапандар шығарыла бастады, IT-лицей-интернатының ғимараты ашылып, стадион жаңарды, автожол учаскелері жөнделіп, өртке қарсы және шұғыл қызмет нысандары пайдалануға берілді. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.

Қостанай облысында жөндеуден кейін жалпы ұзындығы 56,7 шақырымдық «Астана – Қостанай – РФ шекарасы» автожолының екі учаскесі ашылды. Осы жылы өңірде жалпы ұзындығы 163 шақырым болатын республикалық автожолдардың бес учаскесі жөнделді.



Көкшетауда газ баллондары мен оларды қауіпсіз пайдалануға арналған клапандар өндірісі іске қосылды. Жаңа өнімдер ең алдымен ішкі нарықты қамтамасыз етуге бағытталған. Тек Ақмола облысының өзінде 220 мыңнан астам газ баллоны пайдаланылатынын ескерсек, бұл жоғары сұраныстың нәтижесінде өндіріс көлемі одан әрі арта түсетінін білдіреді.

Таразда әрқайсысы 300 орынға шақталған IT-лицей-интернатының оқу корпусы мен жатақханасы ашылды. Жаңа ғимараттар оқушылардың білім алуына және тұруына, сондай-ақ олардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыта түсу үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді. Үш блоктан тұратын кешенге асхана, спорт және акт залдары, сондай-ақ кітапхана кіреді.

Батыс Қазақстан облысының Ақсай қаласында реконструкциядан кейін «Жастар» стадионы пайдалануға берілді. Нысан спорт залымен, FIFA стандартына сай футбол алаңымен, ұлттық спорт және жаттығу алаңдарымен, жүгіру жолдарымен және экстремалды спорт түрлеріне арналған аймақпен жабдықталған.

Қазақстан өңірлерінде өртке қарсы және шұғыл қызметтің жаңа нысандары ашылуда. Мәселен, Қостанай облысының Приречное ауылында өрт сөндіру автокөлігі және жауынгерлік киімдері бар «Ауыл құтқарушылары» өрт сөндіру бекеті жұмысын бастады, Ақмола облысының 370 адам тұратын Кенащы ауылында да «Ауыл құтқарушылары» өрт сөндіру бекеті ашылды.

Ал Шымкент қаласында жедел қызметтердің бірыңғай кешені жұмыс істей бастады, онда өрт сөндіру бөлімі, полиция және жедел жәрдем пункттері біріккен. Кешен Жаңаталап тұрғын үй алабындағы 11,2 мыңға жуық тұрғынға қызмет көрсетеді.

ҚҰРЫЛТАЙ

ИМПОРТҚА ТӘУЕЛДІЛІКТІ ҚАЛАЙ АЗАЙТАМЫЗ?

Құрылтайда «Өңдеуші секторды ынталандыру және офтейк-келісімшарттарды енгізу туралы» деген тақырыпта Үкімет сағаты өтті. Онда депутаттар отандық өндірісті ынталандыру бойынша кешенді іс-шараларды ұсынды. Болашақ өнімді кепілді түрде өткізуді көздейтін ұзақ мерзімді шарттар болуға тиіс. Бұл туралы жиында Құрылтай төрағасының орынбасары Дания Еспаева түсіндіріп берді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңдеуші секторды жеделдетіп дамытуды, экономиканы әртараптандыруды, елдің берік индустрия негізін қалыптастыруды дәйекті түрде Үкіметке міндет етіп келеді. Табиғи ресурстары мол мемлекет шикізат жеткізуші ғана емес, ең алдымен, бәсекеге қабілетті дайын өнім өндіруші болуға тиіс. Сонымен қатар Қазақстан шикізат, қаржы және өндіріс әлеуеті едәуір бола тұра, бірқатар дайын өнеркәсіп өнімдері бойынша импортқа тәуелділікті әлі де сақтап отырғанын мойындау қажет. Елімізде металл, мұнай, газ және басқа да табиғи ресурстар бар болғанымен, жабдықтың, шетелден қосалқы бөлшектердің, өнеркәсіп материалдарының және дайын бұйымдардың айтарлықтай көлемін әлі де сатып алып отырмыз. «Осындай мол ресурс базасына ие бола тұра, неге біз оны өз өндірістерімізді құруға және отандық технология тізбектерін дамытуға толық көлемде пайдаланбаймыз?» деген заңды сұрақ туындайды. Дәл осы тұста қазақстандық өнімге деген ішкі сұранысты ынталандыру мәселесі ерекше өзекті, – деді ол.

Дания Еспаеваның айтуынша, осы міндетті шешудің ең пәрменді құралдардың бірі – офтейк-келісімшарттар тетігі, яғни болашақ өнімді кепілді түрде өткізуді көздейтін ұзақ мерзімді шарттар болуға тиіс. Отандық кәсіпорындар үшін мұндай тетік өндірісті жоспарлау, инвестициялар тарту, жаңа технологиялар енгізу және жұмыс орындарын ашу мүмкіндігін береді.

– Шын мәнінде, офтейк-келісімшарттар кепілді сұранысты нақты инвестицияларға және жаңа өндірістерге айналдыруға мүмкіндік береді. Бұл процесте ұлттық компаниялар, квазимемлекеттік сектор субъектілері және ірі жер қойнауын пайдаланушылар ерекше рөл атқаруға тиіс. Алайда офтейк-келісімшарттар енгізу келісімдерді формалды түрде жасауға алып келмеуге тиіс. Бізге нақты өндіріс нәтижелері, жаңа кәсіпорындар, технологияларды жергілікті жерде шоғырландыру, бәсекеге қабілетті өнім шығару, қазақстандық үлесті ұлғайту және импортқа тәуелділікті азайту қажет. Бұл ретте кепілді сұраныс өнім сапасына қойылатын жоғары талаптармен, сатып алулардың ашықтығымен, адал бәсекемен және тараптардың жауапкершілігімен қатар жүруге тиіс. Біздің міндетіміз – оны жеткізудің бір көзін екіншісімен жай ғана алмастыру емес, қуатты, технология жағынан дамыған және бәсекеге қабілетті отандық өндірушілердің пайда болуына жағдай жасау, – деді Құрылтай төрағасының орынбасары.

Мемлекеттік сатып алуда басымдық берілетін отандық өнім тізіміне 5 мыңнан астам тауар енді. Бұл туралы Үкімет сағатында Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев мәлімдеді.

– Отандық өндірісті қолдаудың негізгі тетіктерінің бірі – ірі компаниялар мен мемлекеттік ұйымдардың сатып алуында отандық өнімге басымдық беру. Биыл жарты жылдың қорытындысы бойынша осындай сатып алудың жартысынан астамы, яғни 7,5 трлн теңгесі қазақстандық жеткізушілердің үлесіне тиесілі. Алайда тауар сатып алудағы отандық өнімнің үлесі әзірге 33% шамасында болып отыр. Бұл отандық өндірісті дамыту үшін әлі де айтарлықтай әлеует бар екенін көрсетеді. Осы әлеуетті іске асыру үшін мемлекеттік сатып алуда басымдық берілетін отандық тауарлар тізімі жыл сайын кеңейіп келеді. Қазір бұл тізімге елімізде өндірілетін 5 мыңнан астам тауар енген. Осының нәтижесінде отандық кәсіпорындармен жасалатын келісімшарт саны да артып, былтыр олардың саны 169 мыңға жуықтады, – деді министр.

Сонымен қатар ол осындай қолдау «Самұрық-Қазына» қорының сатып алуында да қарастырылғанын айтты.

– Ұзақ мерзімді офтейк-келісімшарттар арқылы жаңа өндірістер ашуға мүмкіндік беріліп отыр. Қатты пайдалы қазбаларды өндіруші компаниялардың сатып алу жүйесі де жақсарып келеді. Атап айтқанда, жекелеген тауарларды тауар биржалары арқылы сатып алуға шектеу қойылып, Tizilim электрондық сатып алу алаңы жаңарды. Сонымен қатар отандық тауарларды сатып алу көлемін арттыру және ұзақ мерзімді келісімшарт жасау бойынша арнайы бағдарламалар енгізілуде. Отандық өндірісті дамытудың тағы бір тиімді жолы – офтейк-келісімшарттар, яғни тапсырыс беруші өнімді алдын ала сатып алуға кепілдік береді. Ал өндіруші жаңа өндіріс ашуға немесе қолданыстағы өндірісін кеңейтуге міндеттеме алады. Осы тетік арқасында 2023 жылдан бері қатты пайдалы қазбаларды өндіруші компаниялармен 800 миллиардқа жуық сомаға 104 офтейк-келісімшарт жасалды, – деді Ерсайын Нағаспаев.

Ол мұнай-газ саласында 3 млрд теңгеге 109 офтейк-келісімшарт жасалғанын айтты.

№139 (5037) 24/11/2026 Сейсенбі

ОТАН ҚОРҒАУШЫ – ҚАСИЕТТІ МАМАНДЫҚ



Елордада Тәуелсіздіктің 35 жылдығы аясында тақырыптық іс-шаралар тұрақты түрде өтіп келеді. Соның бірі – Астана қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің ұйымдастыруымен өткен «Отан қорғау деген мамандық бар» атты әскери-патриоттық іс-шара.

Оған Қарулы күштердің және Ауған соғысының ардагерлері, елорда мектептерінің алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушылары мен жоғары сынып оқушылары қатысты.

Іс-шара барысында оқушыларға еліміздегі әскери оқу орындары, оларға қабылдау талаптары мен әскери мамандықтардың ерекшелігі туралы бейнеролик көрсетілді. Бұл болашақ талапкерлерге әскери білім алудың мүмкіндігімен танысып, кәсіби бағдарын айқындауға жол ашпақ.

Жиында алғаш болып сөз алған «Қарулы күштердің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары, отставкадағы генерал-майор Марат Нұғыманов әскери қызметтің қоғамдағы орны мен Отан алдындағы азаматтық борыштың мәніне тоқталды. Ол жас ұрпаққа ел қорғау тек әскери міндет қана емес, туған жерге деген сүйіспеншілік пен мемлекет алдындағы жауапкершіліктің көрінісі екенін жеткізді.

– Отанды сүю – құр сөзбен емес, нақты іспен дәлелденетін қасиет. Туған жердің тыныштығы мен елдің қауіпсіздігі әрбір азаматтың жауапкершілігіне байланысты. Отан қорғау – үлкен абырой әрі қасиетті міндет. Ел болашағын ойлайтын жас ұрпақ білімді, тәртіпті, отаншыл болуы керек. Өйткені елдің ертеңгі қорғаны да, тірегі де – жастар, – деді генерал-майор Марат Нұғыманов.

Іс-шара барысында бірқатар алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушылары өскелең ұрпақты әскери-патриоттық рухта тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін Астана қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының мақтау грамоталарымен марапатталды. Сонымен қатар оқушылар әскери киім үлгісін киіп, қолдарына әскери қару ұстап дефиле көрсетті. Бұл көрініс жас ұрпақтың әскери өмірге деген қызығушылығын арттырып, іс-шараның патриоттық мазмұнын аша түсті.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Астана қаласы Полиция департаментінің ұйымдастыруымен 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында өтетін «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді әрекеттердің он алты күні» халықаралық акциясы қарсаңында мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және дағдарыс орталықтарының өкілдерімен бірлескен кеңес өтті.



Кездесу барысында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, әйелдер мен балалардың құқығын қорғау, сондай-ақ ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайту мәселелері талқыланды.

Жыл басынан бері «102» арнасына отбасылық-тұрмыстық жанжалдар мен құқық бұзушылықтарға байланысты 10 мыңнан астам хабарлама келіп түскені айтылды. Сонымен қатар аталған салада тіркелген қылмыстар санының өсуі көбінесе қылмыстық заңнамаға енген өзгерістерге байланысты екені сөз болды. Атап айтқанда, Қылмыстық кодекске бұрын әкімшілік құқық бұзушылықтар санатына жатқызылған әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық көздейтін 108-1-бап (денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру) және 109-1-бап (ұрып-соғу) енді. Бұдан бөлек, сталкинг (қудалау) үшін жауаптылық көздейтін Қылмыстық кодекстің 115-1-бабы жаңа бап ретінде енді. Аталған заңнама өзгерістері отбасы-тұрмыс қатынастары саласында тіркелген қылмыстар санының артуына әсер етті.

Акция аясында бірқатар бірлескен профилактика және ақпарат іс-шараларын өткізу жоспарланды. Олардың қатарында халықпен, еңбек ұжымдарымен және жастармен кездесулер, тәуекел тобындағы отбасыларға бару, профилактикалық әңгімелер жүргізу, ақпарат материалдарын тарату, сауда үйлері мен қоғамдық орындардағы LED-экрандарға әлеуметтік бейнероликтер орналастыру, сондай-ақ атқарылатын жұмыстарды бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде кеңінен жариялау көзделді.

Зорлық-зомбылықтың алдын алуға, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерін ерте анықтауға, әлеуметтік осал отбасыларды уақытылы анықтауға, қайталама құқық бұзушылықтардың алдын алуға және азаматтарды көмек алу арналары туралы ақпараттандыруға ерекше назар аударылып, «102», «111» және басқа да қолдау қызметтері туралы ақпарат берілді.

Кеңес қорытындысы бойынша қатысушылар өз ұсынысымен бөлісіп, бірлескен жұмыстың жаңа форматтарын талқылап, акция кезеңіндегі өзара іс-қимылдың негізгі бағыттарын айқындады.

Алмагүл ИСМАҒҰЛОВА,
Астана қаласы Полиция департаменті қоғамдық қауіпсіздік басқармасы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі

ХАЛЫҚ ҚАһАРМАНЫНА АРНАЛДЫ

«Астана – есірткісіз қала» бастамасы аясында 600-ден астам жас спортшы Қазақстанның Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың құрметіне арналған VII республикалық кикбоксинг турнирінде бақ сынады.

Басты мақсат – жастар арасында спорт пен салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту және есірткі құқық бұзушылығының алдын алу.

Жарысқа еліміздің 15 өңірінен және шетелден 600-ден астам жас спортшы қатысты. «Аспан» спорт кешеніндегі жарыс жасөспірімдер мен жастар арасында өтті. Олар К-1, Full Contact, Low Kick және Kick Light бағыттары бойынша үш ринг пен екі татамиде бақ сынады.

Астана қаласы кикбоксинг федерациясының вице-президенті, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, жарыстың жауапты ұйымдастырушысы Ернар Омаровтың айтуынша, турнир үш жас санатында өтіп, өскелең ұрпақтың өзара тәжірибе алмасуын және спорттағы шеберлігін шыңдауына мүмкіндік берді.



САНАТОРЛЫҚ-КУРОРТТЫҚ ЖОЛДАМА ЖАЙЫ

Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы санаторлық-курорттық емделуге арналған әлеуметтік көмекті алу тәртібін түсіндірді.

Мұндай көмек елордада кемінде үш жыл тұрақты тіркелген азаматтардың мына санаттарына көрсетіледі:

* Ұлы Отан соғысының ардагерлері;
* басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;
* жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер;
* Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқан, «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңда белгіленген тәртіппен ақталған саяси қуғын-сүргін құрбандары;
* жасы бойынша зейнеткерлер – екі жылда бір рет.

Зейнеткерлер жолдама құнының 20 пайызын, ал ең төменгі мөлшерде зейнетақы алатындар 15 пайызын төлейді. Жоғарыда аталған санаттағы мүгедектігі бар, жеке реабилитациялау және оңалту бағдарламасына сәйкес санаторий-курорттық емделу ұсынылған азаматтарға бұл әлеуметтік көмек көрсетілмейді.

Санаторий-курорттық емделу үшін birge.astana.kz сайты арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) тіркелу қажет. Азамат тіркеуден өзі өтуі тиіс. Өтінімдер шипажайлармен келісілген жолдама беру кестесі мен бөлінген орын санына сәйкес қабылданады. Жолдамалар саны шектеулі болғандықтан, тіркеу ашылғаннан кейін бос орындар аз уақытта толып қалуы мүмкін. Барлық орын бөлінген соң тіркеу автоматты түрде тоқтатылады.

Тіркелген азаматтар шипажайға барудан 10-15 күн бұрын жолдама алу үшін мына құжаттарды Бейбітшілік көшесі, 9-үй, 102-кабинет мекенжайына тапсыруы қажет:

* терапевт берген санаторий-курорттық карта және оның көшірмесі;
* жеке куәлік.

Құжаттарды сенімді өкіл тапсырған жағдайда сенімхат пен оның көшірмесі, сондай-ақ өкілдің жеке куәлігінің көшірмесі қажет.

2026 жылы жолдамалар мына шипажайларға берілді:

* «Қатаркөл» шипажайы (Ақмола облысы, Бурабай ауданы);
* «Zari» шипажайы (Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы);
* «Балқаш» шипажайы (Қарағанды облысы).

ӘСКЕРИ АНТҚА АДАЛДЫҚ

Бас қалада ҚР ІІМ Ұлттық ұланының 6636 әскери бөлімінде 170 жас сарбаз салтанатты түрде әскери ант қабылдады.



Еліміздің Ақмола, Қарағанды, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарынан келген жас жауынгерлер Отанға адал қызмет етуге ант берді.

Салтанатты іс-шараға әскери бөлім басшылығы, сарбаздардың ата-аналары мен туған-туыстары қатысты. Әскери бөлім командирі, подполковник Бағылан Дошаманов жас сарбаздарды құттықтап, Отан алдындағы жауапты міндеттерін абыроймен атқаруға тілектестік білдірді.

Іс-шара барысында әскери қызметшілер қоян-қолтық ұрыс тәсілдерінен арнайы көрсетілім ұсынып, жауынгерлік шеберлігін паш етті. Сондай-ақ дәстүрлі ән шырқалып, жиналған қауымға ерекше патриоттық көңіл күй сыйлады. Әскери ант қабылдаған жас сарбаздар алдағы бір жыл бойы Отан алдындағы борышын өтеп, белгіленген қызметтік міндеттерін атқарады.

№139 (5037) 24/11/2026 Сейсенбі

Төлең ТІЛЕУБАЙ



ЖИ көмегімен жасалды

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БҰЗСАҢ, ЖАЗА ҚАТАҢ

2026 жылдың 1 қаңтарынан бері елімізде автокөлікті мас күйінде басқарғаны және жолдың қарсы жолағына шығып кеткені үшін 21,5 мың адам жүргізуші куәлігінен айырылған. Соның ішінде 17 мыңнан астам адам мас күйінде көлік жүргізгені үшін жауапқа тартылған.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабы бойынша автокөлікті мас күйінде жүргізіп ұсталған адам 7 жылға дейін жүргізуші куәлігінен айырылып, 15 тәулікке әкімшілік қамауға алынады. Мұндай өрескел заң бұзушылық қайталанғанда куәліктен айыру мерзімі 8 жылға, жекелеген жағдайларда 9 жылға дейін ұзарады. Бір алаңдататын нәрсе, еліміз бойынша жолдағы апат деңгейі жоғары күйінде қалып отыр. Өйткені көлік жүргізушілері (кей жағдайда жаяу жүргіншілер де) тиісті ережелерді елемейді, қозғалыс мәдениетіне немқұрайлы қарайды. Осыған орай, Үкімет жолда жүру ережелерін қасақана бұзатын автокөлік жүргізушілеріне айыппұл мөлшерін еселеп арттыруды қарастыруда. Өзекті мәселені талдап көрейік.

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІНЕН ҚАЛАЙ АЙЫРЫЛАДЫ?

Көптеген автокөлік жүргізушісі қандай жағдайда куәлігінен айырылатынын білмейді. Қазір Әкімшілік құқық бұзушылық туралы (ӘҚБтК) және Қылмыстық кодексте (ҚК) ІІМ-нің куәлікті алып қоюына негіз болатын 34 түрлі себеп бар. Осы екі кодекстегі кейбір нормаларға сәйкес, жолда жүру ережесін өрескел бұзып, басқа бір адамның денсаулығына зиян келтірген, я болмаса өліміне әкеліп соқтырған жағдайда куәліктен айырылып қана қоймай, түрмеге қамалады. ӘҚБтК-тің 606-бабы бойынша жолда апат жағдайын туғызса, 10 АЕК (43250 теңге) көлемінде айыппұл төлейді. Ал бір жыл ішінде екінші рет жолда апат жағдайын туғызса, 6 ай көлік жүргізу құқығынан айырылады. Жолдың қарсы бөлігіне өту, қауіпті маневр жасау және басқа көліктен озатын кезде ереже бұзу 6-9 айға дейін көлік тізгіндеу құқығынан айырады. ӘҚБтК-тің 611-бабы бойынша жүргізуші жол ережесін бұзып, өзі қатысқан жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалса, 50 АЕК көлемінде айыппұл төлейді немесе 1 жылға куәлігінің мерзімі тоқтайды. ҚК-тің 345-бабы бойынша автокөлік жүргізушісі жол ережесін бұзып, абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтірсе – 160 АЕК-ке дейін айыппұл салынады (немесе 160 сағатқа дейін қоғамдық жұмысқа тартылады), я болмаса 40 тәулікке қамалып, 2 жылға дейін автокөлік жүргізе алмайды. Ал абайсызда адам денсаулығына ауыр зиян келуіне себеп болған дәл сол іс-әрекет 200 АЕК-ке дейін айыппұл салуға не 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмысқа тартуға, я болмаса 2 жылға дейін бас бостандығын шектеуге немесе дәл сол мерзімге қамауға және 3 жылға көлік жүргізу құқығынан айыруға әкеледі. Абайсызда адам өліміне әкелген іс-әрекет 5 жылға дейін бас бостандығынан да, жүргізуші куәлігінен де айыруға себеп болады. Абайсызда екі не одан көп адамның өліміне әкелген әрекет 5 жылдан 10 жылға дейін түрмеге қамап, 7 жылға дейін көлік жүргізу құқығынан айыруға себеп болады.

Спирттік ішімдік ішіп, есірткі тұтынып жол апатын жасаған жүргізуші (ҚК-тің 345-1-бабы) абайсызда адамға орташа зиян келтірсе – 10 жылға көлік жүргізу құқығынан айырылып, 1000 АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді не 400 сағатқа қоғамдық жұмысқа тартылады, не 1 жылға бас бостандығы шектеледі (абайсызда адам денсаулығына ауыр зиян келсе – 10 жылға куәлігінен айырылып, 3000 АЕК айыппұл төлейді, я болмаса 3 жылға түрмеге қамалады; ал абайсызда адам өліміне себеп болса – 10 жылға куәлігін тапсырып, 7 жылға бас бостандығы шектеледі; ал абайсызда екі не одан көп адамның өліміне әкелген әрекет өмір бойына көлік жүргізу құқығынан айырып, 7 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығын шектеуге себеп болады).

ӘҚБтК-тің 613-бабы бойынша полицияға (әскери полиция, көлік бақылау органы қызметкері) бағынбаған жүргізуші 5 тәулікке қамалып, 1 жылға куәлігінен айырылады. Ал алкоголь не есірткі тұтынғанын тексертуден бас тартса – 15 тәулікке қамалып, 8 жылға куәлігін тапсырады. Әкімшілік жазаның мерзімі өткен соң 1 жыл ішінде дәл сол әрекеті қайталанса – 20 тәулікке бостандығы шектеліп, 9 жылға көлік жүргізу құқығынан айырылады (бұл жерде 34 түрлі себептің барлығын тізбектеп жазбадық).

ЕРЕЖЕНІ ЕЛЕМЕЙТІН ЕСЕРЛЕРГЕ ТҰЗАҚ

Қазір айыппұлды елемей, жол жүру ережелерін қасақана бұзатын көлік жүргізушілері аз емес. Бас прокуратура таратқан ресми мәліметке сүйенсек, 2026 жылдың 6 айында 15188 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Осы оқиғалардың жартысынан астамы жол жүру ережелерін қасақана және жүйелі түрде бұзатын жүргізушілердің кінәсінен болған. Жаяу жүргіншілер өткелдерінде 5971 адам жарақат алып, 208 азамат, соның ішінде 40 бала қаза тапқан. Мас күйінде көлік басқарған жүргізушілердің кінәсінен 209 адам зардап шегіп, 8 адам қайтыс болыпты. Бір назар аударатыны, ең ауыр зардаптар бұрынғыдай жылдамдықты арттыру мен қауіпті маневр жасауға байланысты болған. Дәл осы құқық бұзушылықтардың салдарынан 8 мыңнан астам адам жарақат алып, 676 азамат қаза тауыпты. Сол себептен қазіргі кезде жол бұзақыларына қатысты ұсақ бұзақылығы үшін жауапқа тарту тәжірибесі белсенді түрде енгізілуде. Соттар прокурорлардың құқықтық ұстанымын қолдап, құқық бұзушыларға әкімшілік қамақ жазасын белгілеуде. Жыл басынан бері ӘҚБтК-тің 434-бабы бойынша 29 жол бұзақысы әкімшілік қамаққа алынған.

Отандық тәжірибе көрсетіп отырғандай, ауыр жол-көлік оқиғаларының едәуір бөлігін бұған дейін бірнеше рет әкімшілік жауапқа тартылған жүргізушілер жасайды. Тіпті кейбір есерлер үшін айыппұл төлеу заң талаптарын елемеудің бір тәсіліне айналғаны рас. Мысалы, Алматыдағы үш адамның өмірін қиған қорқынышты жол апатына кінәлі жүргізуші бұған дейін көлік жылдамдығын 21 рет асырып, әкімшілік жазаға тартылған. Ақмола облысындағы адам өліміне әкеп соқтырған жол апатына себепші болған жүргізуші жол жүру ережелерін 13 рет бұзыпты. Бірер жыл бұрын түркістандық полицейлер 73 рет жол жүру ережелерін бұзған такси жүргізушісін ұстады. Оған салынған әкімшілік айыппұлдардың жалпы сомасы 1 млн 200 мың теңгеге жетіпті. Тіпті жол жүру ережелерін 100 рет бұзған тараздық жүргізушіні де білеміз. Қазір жол бойындағы бейнетіркегіштердің жазбасынан, я болмаса азаматтардың дер кезіндегі хабарламасынан жол бұзақыларының қылмысын жедел анықтауға мүмкіндік мол.

ІІМ-нің НОУ-ХАУЫ НЕ?

Құзырлы ведомство қасақана жол ережелерін бұзатын жүргізушілермен күресудің халықаралық тиімді бір тәсілін пысықтап жатыр. Бұл жаңалықты қыркүйектегі Үкімет отырысында Ішкі істер министрі Ержан Сәденов жария етті.

– Ең үздік халықаралық тәжірибені зерделеп, қолданысқа енгізуді ойластырамыз. Қазір айыппұлды елемейтін өрескел құқық бұзушылар бар. Солармен күресу мақсатында «балдық жүйені» енгіземіз. Ол әрбір заң бұзушылықты және оның ауырлығын ескереді. Айыппұлмен қатар, бірнеше мәрте және ауыр заң бұзушылық іс-әрекеттер жасағаны үшін жүргізуші куәлігінің күшін 1 жылға тоқтату көзделеді, – деп түсіндірді ноу-хауды Е.Сәденов.

Ішкі істер министрлігі заңға енетін мұндай түзетуді 2026 жылдың соңына дейін Құрылтайға жолдайды.

Үкімет басшысы Олжас Бектенов жол-көлік оқиғаларының негізгі көрсеткіштері төмендегенімен, жол ережелерін жүйелі түрде бұзу мәселесі сақталып отырғанына қынжылды.

«Жалпы, ахуалдың жақсарғанына қарамастан, елімізде жол апатының деңгейі жоғары күйінде қалып отыр. Көлік жүргізушілері тиісті ережелер мен талаптарға және жол қозғалысы мәдениетіне немқұрайлы қарайды. Қоғамдық көлікке арналған жолақпен жүретін, қос тұтас сызықты кесіп өтіп, қарсы бағытқа шығып кететін, сондай-ақ жылдамдықты шамадан тыс асыратын жауапсыз жүргізушілер бар. Мұндай фактілерге міндетті түрде тосқауыл қойып, тиісті шаралар қабылдау қажет» деді ол құзырлы министрлік басшысына тапсырма беріп.

Премьер-министр жол ережелерін жүйелі түрде бұзатын көлік жүргізушілерінің жауапкершілігіне қатысты қолданыстағы тәсілдерді қайта қарауды және балдық жүйе енгізу мүмкіндігін зерделеуді тапсырды.

«Жол жүру ережелерін қасақана бұзатындарға қатысты тәсілдерді қайта қарау керек. Мұндай адамдарға айыппұл төлеу кезінде жеңілдіктер берілмеуі тиіс. Керісінше, заң бұзушылықтар санына қарай айыппұл мөлшерін еселеп арттыру қажет. Біздің ортақ міндетіміз – жолдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, көлік апатын тұрақты түрде төмендету және адам өлімін азайту» деді ол.

Балдық жүйе деген не? ІІМ-нің орынбасары Игорь Лепеханың айтуынша, министрлік алдын ала бір жылға 20 балл лимит бекітуді ұсынуда. Балдардың саны құқық бұзушылық іс-әрекеттің ауырлығына байланысты болады. Мысалы, жолда көліктің жылдамдығын 10 шақырым/сағатқа көбейтсе, бір балл есептеледі. Ал бағдаршамның тыйым салынған дабылына құлақ аспай өтіп кетсе – үш балл есептеледі.

– Алайда мұндай параметрлер әлі нақты бекітілген жоқ. Егер жол жүру ережелерін қасақана бұзатын жүргізушілер 20 балл жинаса, лайықты жазасын алады. Яғни жүргізуші куәлігінен айырылады. Әзірше бұл мерзімге де нақты тоқталған жоқпыз: 6 ай мен 1 жылды қарастырып отырмыз. Осы уақыт өткеннен кейін әлгі жүргізуші жол жүру ережелері туралы білімін тексеруі үшін қайта емтихан тапсырады. Сәтті тапсырса, куәлігін алады. ІІМ Бас прокуратурамен бірлесіп, іс жүзінде балдық жүйе қалай жұмыс істейтінін тексерді. Қанатқақты жоба аясында біз күтпеген нәтижелерге қол жеткіздік. Бірақ заң әлі қабылданған жоқ, сол себептен ешкімді жауапқа тартпадық. Құрылтай депутаттарымен осы мәселені заңға енгізуді бірге талқылаймыз. Олар қолдаса, онда жаңашылдық қолданысқа енеді, – деп түсіндірді И.Лепеха.

ЕЛОРДА КӨЛІК ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ӨЗГЕ ӨҢІРЛЕРДЕН ОЗЫП ТҰР. SMART SITY ЖОБАСЫ АЯСЫНДА БАС ҚАЛАДА ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ САҚТАЛУЫН ТІРКЕУДІҢ 1,2 МЫҢНАН АСТАМ КЕШЕНІ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН. АХУАЛ ОРТАЛЫҒЫНА 60 МЫҢНАН АСТАМ БЕЙНЕКАМЕРА КІРІКТІРІЛГЕН

АСТАНАҒА ЖИ КӨМЕКТЕСТІ

Бас қалада күн сайын кем дегенде 3 мыңнан астам жол жүру ережелерін бұзу дерегі тіркеледі. Оның бір себебі, елордада автокөліктер саны тез өсіп келеді. Ресми мәліметке жүгінсек, қазір Астанада 471 мың көлік құралы тіркеліпті. Бұл сан жыл сайын 25-30 мың көлікке көбейіп отырады. Мұндай жағдайда көлік қозғалысын бақылау да оңайға соқпайды. Алайда көлік ағындарын басқару интеллектуалды ITS жүйесі арқылы іске асады. Бұл жүйеге қаладағы бағдаршам нысандарының 80 пайызы кіріктірілген. Жол қозғалысын ұйымдастыру орталығы бүгінгі таңда 12 мобильдік кешенді іске қосқан. Демек «ақылды» жүйе жолдағы ахуалды осылайша бақылауға, реттеуге мүмкіндік туғызады.

Елорда көлік жүйесі бойынша өзге өңірлерден озып тұр. Бұған бір мысал, бейнебақылау инфрақұрылымы тұрақты түрде жаңғырып отырады. Қала әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, Smart City жобасы аясында бас қалада жол қозғалысы ережелерінің сақталуын тіркеудің 1,2 мыңнан астам кешені іске қосылған. Ахуал орталығына 60 мыңнан астам бейнекамера кіріктірілген. Мұндай жаңару автоматты түрде тіркелетін жол ережелерін бұзу оқиғаларын 4-тен 15 түрге дейін арттыруға жол ашыпты.

– Қала көшелеріндегі жолдарға жыл сайын ұлғайып келе жатқан жүктемені ескере отырып, көлік жүйесін дамытудың кешенді бағдарламасын жүзеге асырып жатырмыз. Жасанды интеллект базасында бейнесараптаманың 35 түрін енгізу жол-көлік оқиғаларының санын 30 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік берді, – деп түсіндірді жаңалықты Ж. Қасымбек Үкімет отырысында сөйлеген сөзінде.

Жасанды интеллекттің де жақсылығы аз емес. Ел жолдарындағы қауіпсіздікті 30 мыңнан астам бейнекамера жазып, бақылайды. Соған қарамастан, жол апатының саны азаймай отыр. Бұл көрсеткішке жүргізушілердің рульде отырып ұялы телефон қолдануы да айрықша әсер етеді. Әсіресе, елді мекендерде орын алатын жол апатына смартфоннан көзін алмайтын жүргізушілер кінәлі болып жатады. Жол-көлік оқиғаларына жаяу жүргіншілердің өздері де кінәлі болатын кездері көп. Осыған орай, Үкімет басшысы Олжас Бектенов жолдағы автоматтандырылған жүйелер көлік жүргізу кезінде ұялы телефон пайдалану фактілерін барынша анықтауға бағытталуы тиіс екенін мәлімдеді. Ол ІІМ-ге әкімдіктермен бірлесіп, орнатылған барлық бейнекамераның жұмысын тексеріп шығуға пәрмен берді.

Жүргізуші куәлігіне алатын емтиханды енді онлайн тапсыруға болады. Жаңа қызмет әзірге пилоттық режимде Астанада іске қосылды. Емтихан тапсыру үшін eGov Mobile қосымшасындағы «ХҚКО қызметтері» бөлімінен онлайн тестілеуді таңдау қажет. Үміткер елордада тұрақты тіркелген болуы шарт. Автомектепті аяқтағаны туралы куәлігі мен медицина анықтамасы болуы керек. 40 сұрақтан тұратын емтиханға 40 минут беріледі. Сынақтан өту үшін кемінде 32 сұраққа дұрыс жауап бересіз. Тестілеу кезінде компьютер камерасы, микрофон және смартфон арқылы үміткердің әрекеті бақыланады. Бірінші талпыныстан өте алмағандар емтиханды келесі күні қайта тапсыра алады.

ШУ ШЫҚПАСА, МӘСЕЛЕ ШЕШІЛМЕЙ МЕ?

Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Әлеуметтік желі тек ақпарат тарату алаңы ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастыратын, билік шешімдеріне ықпал ететін, тіпті кей жағдайда мемлекеттік органдардың әрекет етуіне түрткі болатын құралға айналды. Бұрын бір мәселенің жоғарыға жетуі үшін бірнеше мекеменің табалдырығын тоздыру қажет болса, қазір оны әлеуметтік желіге салсаң, бірер сағаттың ішінде мыңдаған адам көріп, пікір білдіріп, тиісті мекеменің назарына ілігуі мүмкін. Бұл нені түсіндіреді? Халықтың әлеуметтік желіге әуестігін бе, әлде мемлекеттік басқару жүйесіндегі кері байланыстың әлсіздігінен бе? Бүгін осы мәселені ортаға салып салмақтап көруді жөн көрдік.



ЖИ көмегімен жасалды

Жақында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында әлеуметтік желіде «халыққа ақыл айтатындар» көбейіп кеткенін мәлімдеп, қоғамдық пікір қалыптастыруда салмақтылық пен кәсібиліктің маңызын атап өтті. Мемлекет басшысы Үкімет пен әкімдердің жұмысында кемшілік жоқ деп ешкім айта алмайтынын, алайда билікке қатысты пікір білдіргенде халықты арандатып, қоғамды шулатпай, саналы әрі білікті көзқарас ұсыну қажеттігін жеткізді. Сондай-ақ ел тұрақтылығының маңызын алға тартып, кез келген мәселе жөніндегі қоғамдық пікір білікті мамандардың ұстанымына негізделуі керектігін ескертті.

Қазақстанда «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында азаматтардың өтініш-тілегін қабылдау мен қараудың бірқатар тетігі қалыптасты. Соның бірі – «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі. Бұл платформа арқылы тұрғындар мемлекеттік органдарға, тіпті Президент Әкімшілігіне дейін өтініш жолдап, өздерін толғандырған мәселені көтере алады. Өтініштердің қаралу барысы бақыланып, заңнамада белгіленген мерзімде жауап берілуі тиіс. Бұл – азамат пен билік арасындағы байланысты жеңілдеткен тиімді жүйе. Бұрын қабылдауға жазылу, кезек күту, жауапты маманды іздеу сияқты кедергілер болса, қазір бірнеше минуттың ішінде өтініш жолдауға мүмкіндік бар. Оның үстіне, өтініштің тіркелуі мен қаралу барысын бақылауға болады. Бірақ мәселе – өтінішті қабылдауда емес, оған берілетін жауаптың сапасында. Өйткені кейбір мемлекеттік органдар үшін өтінішке жауап беру азаматтың мәселесін шешумен емес, белгілі бір мерзімде ресми хат жолдаумен шектелетіндей көрінеді. Хатқа жауап берілді, демек жұмыс орындалды деген түсінік қалыптасқан. Ал сол жауаптың мазмұнына, азаматтың сауалына қаншалықты нақты жауап берілгеніне, мәселенің шешілуіне ықпал еткен-етпегеніне келгенде күмән көбейеді. Кейде өтініш иесі сұраған мәселеге қатысы шамалы заң баптарын тізіп, жалпылама түсініктеме берумен шектеледі. Одан қалса, «қарастырылады», «тиісті жұмыстар жүргізіледі», «бақылауға алынды» деген жалпақ сөздермен шығарып салады. Мұндай жауаптың нақты мерзімі, жауапты тұлғасы, орындалу нәтижесі белгісіз болып қала береді. Демек, Заң бойынша жауап берілгенімен, азаматтың мәселесі шешілмесе, мұны тиімді кері байланыс деп айту қиын. Осы тұста мемлекеттік органдар бір нәрсені ескеруі керек сияқты: өтінішке жауап беру – есеп үшін орындалатын техникалық міндет емес, азамат алдындағы жауапкершілік. Өйткені адам мемлекеттік мекемеге хат жолдағанда, жай ғана ресми құжат алуды емес, өз мәселесінің шешімін күтеді.

Кейде құзырлы органдар да е-өтінішпен келген хатқа жауап қайтарудан жалтарып, басқа бөлімге немесе басқа жауапты тұлғаларға сырғыта салу да соңғы кездері қалыпты үдеріске айналып барады. Осы жағдайға байланысты жақында үкімет арнаулы қаулы шығарды. 8 қарашадан бастап күшіне енген құжат бойынша, шенеуніктер азаматтардың өтініштерін әрібері «сілтей» беруінің себебін түсіндіруге міндеттеледі. Енді азаматтардың өтініші үш немесе одан да көп рет қайта жолданса, мемлекеттік орган оны тағы бір мекемеге жіберерде оның себебін заңға сүйеніп, жазбаша түсіндіруге міндетті болады. Сондай-ақ шенеуніктер азаматтардың әрбір сұрағына нақты жауап беріп, заңбұзушылық туралы хабарламалар бойынша қандай шара қабылданғанын көрсетуі тиіс.

Мұнан бөлек, қазір әкімдіктерде апта сайын арыз-арман айта келген жұртты қабылдау механизмі қалыптасқан. Алдын ала жазып, әкімнің өзіне де мәселені ауызекі айтуға мүмкіндік бар. Бұл да – мемлекетіміздің халыққа жасаған тағы бір қолайлылығы. Бірақ мемлекеттің қадағалауымен іске асырылып отырған осы бір қабылдау да кейде формалды әрекетке айналып кеткендей әсер қалдырады. Яғни қабылдау бар, мәселенің шешімі жоқ жағдай жиі кездеседі. Менің өзім де осы жағдайды бастан өткердім.

Біз тұратын көшенің батпағы белуардан келіп, жауын-шашын кезінде тұрғындар су кешіп жүруге мәжбүр болғанына екіүш жылдан асқан. Алғашында мәселені жауапты жол бөлімінің басшыларына жеткіздім. Кейін әкімдіктің қабылдауына жазылып, жағдайды түсіндірдім. Күрделі құрылыс жүргізуді сұраған жоқпын. Ең болмаса, көшеге бірнеше машина тас төгіп, жолды уақытша қатты қабатпен бекітіп беруді өтіндім. Кімге барсам да, «мақұл», «жарайды», «жасап береміз» деген жауап естідім. Әрине, мәселе шешіледі деген үміт пайда болады. Бірақ сол үміттің артынан нақты әрекет көрінбеді. Күндер өтті, айлар өтті, көше сол қалпында қалды. Ақыры көшенің нақты жағдайын бейнежазбаға түсіріп, әлеуметтік желіге жариялауға тура келді. Сонда ғана мәселе қозғалып, көшеге тас төселді. Ойлап қараңызшы, бірнеше машина тас төгіп беру үшін әкімнің орынбасарына, әкімдікке және жауапты мекемелерге бес-алты рет баруға тура келді. Ал әлеуметтік желіге жарияланған бір бейнежазба мәселенің шешілуіне түрткі болды. Бастапқыда әкімдікке барғанымда кейбір қариялар: «Балам, біз бұл мәселені төрт-бес жылдан бері айтып келеміз. Неше мәрте қабылдауда болдық. Ештеңе шешілген жоқ. Ақыры қолымызды бір сілтедік» деген еді. Басында олардың сөзіне онша сенбегенмін. Азамат әкімге кіріп, мәселені өз аузымен айтса, қалай шешілмесін деп ойладым. Кейін өзім де дәл сондай жағдайға тап болғанда, олардың неге күдер үзгенін түсіндім. Бұл – бір көшенің жол мәселесі ғана емес. Бұл – азаматтың мемлекеттік органға деген сенімі мен үмітіне қатысты мәселе. Сонда азаматтың мәселесін шешуге әлеуметтік желідегі қоғамдық резонанс қажет пе? Егер мемлекеттік орган өз міндетін уақытында орындаса, тұрғынның әлеуметтік желіге шығып, мәселені жария етуіне қандай қажеттілік бар? Демек, әлеуметтік желінің мемлекеттік басқару жүйесіндегі ресми тетіктерді алмастыра бастауы – ойланатын жағдай. Өйткені қоғамдық резонанс тудырмаған мәселе назардан тыс қала беретін болса, онда мемлекеттік қызметтің қолжетімділігі мен әділдігіне қатысты сұрақ та туындайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, жергілікті атқарушы органдарда азаматтарды қабылдау күндері белгіленген. Әкімдер мен олардың орынбасарлары тұрғындардың арыз-өтінішін тыңдайды. Қабылдауға жазылу да, өтініш жолдау да бұрынғыдан әлдеқайда жеңілдеді. Бірақ осы қабылдаулардың нәтижелілігін қалай бағалап жүрміз?

Қанша адам қабылданды, қанша өтініш тіркелді деген статистика бар. Ал қанша мәселе түбегейлі шешілді? Қанша азаматтың өтініші нақты нәтижеге жетті? Қайта-қайта қабылдауға келетін тұрғындардың саны қанша? Осындай көрсеткіштер де ашық жарияланып, жұмыстың сапасын бағалауға негіз болуы керек еді. Бізше, мұның да басы бар, аяғы жоқ секілді.

Әкімнің азаматты қабылдауы – өз алдына, ал оның мәселесін шешуі – мүлде бөлек нәрсе. Қабылдау бөлмесінде жылы сөйлеп, «бақылауға аламыз» деп шығарып салу оңай. Бірақ сол сөздің артында нақты жұмыс болмаса, қабылдаудың қоғамдық мәні жоғалады. Бірте-бірте азаматтар ресми қабылдаудың нәтижесіне сенуден қалып, мәселені әлеуметтік желі арқылы шешуге бейімделуі мүмкін. Мұндай жағдайда әлеуметтік желі мемлекеттік органдардың жұмысын толықтыратын қоғамдық бақылау құралы емес, олардың әрекетсіздігінен туындаған балама арнаға айналады.

Президенттің әлеуметтік желідегі пікірлерге қатысты ескертуін де осы тұрғыдан қарастырған жөн. Шынында да, әлеуметтік желіде нақты дерекке сүйенбеген ақпарат, тексерілмеген мәлімет, эмоцияға құрылған айыптау мен жалған тұжырымдар аз емес. Кейде бір оқиғаның толық мән-жайы анықталмай жатып, қоғамдық үкім шығарылып жатады. Мұндай жағдайда кәсіби сараптама мен білікті мамандардың пікірі аса қажет. Бірақ әлеуметтік желідегі әрбір сын-пікірді арандатушылықпен немесе қоғамды шулатумен теңестіруге болмайды. Қоғамдық сын – кез келген ашық қоғамның табиғи қажеттілігі. Оның ішінде биліктің кемшілігін көрсету, мемлекеттік қызметтің сапасын талқылау, азаматтардың құқығын қорғау да бар. Президенттің «Азаматтардың билікке қатысты өз ойын білдіру, сыни пікір айту құқығынан ешкім айыра алмайды. Бұл олардың конституциялық құқығы және ол қатаң түрде заң аясында орындалуы керек» деген сөзі әне соның дәлелі.

Әлеуметтік желіде мәселе көтерген адам міндетті түрде маман болмауы мүмкін. Бірақ ол өз көшесіндегі шұңқырды, ауласындағы қоқысты, су мен жарықтың жоқтығын, мемлекеттік мекемедегі бюрократияны жақсы біледі. Мұндай жағдайда оның сөзіне құлақ асу үшін міндетті түрде сарапшы болуы шарт емес. Керісінше, қарапайым тұрғынның күнделікті тәжірибесі кейде ресми есептерде көрінбейтін проблемаларды ашып көрсетеді. Сондықтан қоғамдық пікір қалыптастыруда екі тараптың да жауапкершілігі бар. Азамат ақпаратты тексеріп, дәлелсіз айыптаудан аулақ болуы керек. Ал мемлекеттік орган сын айтылғаны үшін азаматқа ренжімей, мәселенің мәніне үңілуі қажет.

Қоғамдық тұрақтылықты сақтау дегеніміз – сын айтпау немесе проблеманы жария етпеу емес. Керісінше, қордаланған мәселелерді дер кезінде анықтап, ашық талқылап, заңды жолмен шешу. Егер азаматтың заңды талабы ескерусіз қалса, оның наразылығы күшейе түседі. Ал мәселе уақытында шешілсе, әлеуметтік желіде дау туғызатын себеп те азаяды. Сондықтан, мемлекеттік органдардың жұмысын бағалауда жаңа өлшемдер қажет сияқты. Мәселен, өтініштерге белгіленген мерзімде жауап берілді ме деген көрсеткішпен ғана шектелмей, азаматтың мәселесі қаншалықты шешілгеніне де назар аудару керек. Қайталанған өтініштердің үлесі, бір мәселе бойынша қанша рет шағым түскені, қабылдаудан кейінгі нақты нәтиже де мемлекеттік басқару сапасын көрсететін маңызды өлшемдер болуы тиіс. Әкімдіктер мен министрліктер үшін кері байланыстың тиімділігі – азаматтардың өтінішін азайту емес, мәселені түпкілікті шешу арқылы шағымның қайталануына жол бермеу. Өйткені өтініш санының көп болуы халықтың белсенділігін ғана емес, белгілі бір саладағы жүйелі проблеманы да білдіруі мүмкін.

Мемлекеттік қызметкер үшін әлеуметтік желідегі сын – беделге төнген қауіп қана емес, өз жұмысындағы олқылықты анықтауға берілген мүмкіндік. Ал журналист пен сарапшы үшін қоғамдық пікірді қалыптастыру – эмоцияны қоздыру емес, дерекке сүйеніп, мәселенің себебі мен салдарын түсіндіру. Президент айтқан салмақты әрі саналы пікірдің қалыптасуы үшін де ең алдымен ашық ақпарат, сапалы коммуникация және жауапты мемлекеттік қызмет қажет.

Екінші тұрғыдан, әлеуметтік желіге шығып, мәселе көтерген азаматты кінәлаудан бұрын, оның неге ресми арналар арқылы нәтижеге жете алмағанын анықтаған жөн. Өйткені халықтың әлеуметтік желіге жүгінуі кейде оның билікке қарсы екенін емес, билікке әлі де болса үміт артатынын, бірақ сол үмітін ақтайтын нақты әрекет күтетінін білдіреді.

Ең бастысы, азаматтың мәселесі шешілуі үшін міндетті түрде қоғамдық шу көтерілуі керек деген түсінік қалыптаспауы тиіс. Басшының қабылдауына барған тұрғын әлеуметтік желіге шықпай-ақ нәтижеге жетуі керек. Ал мемлекеттік орган азаматқа «жауап бердік» деп емес, «мәселені шештік» деп есеп бере алуы қажет. Өйткені халықтың үніне құлақ асу – оны тыңдап, бас изеп шығарып салу, жоғарыға есеп беру емес, жұрттың айтқан уәжіне сәйкес әрекет ету дегенді де меңзейді.

«ҮЛКЕНГЕ – ҚҰРМЕТ, КІШІГЕ – ІЗЕТ»

Шарипа Үстемірова басқаратын Есіл ауданы Ардагерлер кеңесі жыл бойына әртүрлі іс-шараларды табысты жүргізіп келеді. 13 қараша күні республикалық Ардагерлер кеңесінің қоғамдық көмекшілері Мұхтар Еркетаев пен Павел Казанцевтің қатысуымен ауданның белсенді ардагерлері мен топтары бас қосқан үлкен жиын өтті. Мұнда қазіргі қоғамда жас ұрпақ тәрбиелеу, болашақ бағыттары туралы басты-басты 7 түрлі мәселе бойынша ойлар айтылып, пікірлер ортаға салды.

Үлкенге құрмет – ұлттық дәстүр; Болашаққа – кітаппен; Алтын Орда – тарихи сананың негізі және ата-баба аманаты; Отбасылық құндылықтарды дәріптеу және ажырасу мәселелері; Дәстүрлы дін және ұлттық бірегейлік (жат ағымдарға қарсы тұру); Жастар тәрбиесі: таза, адал адам қалыптастыру, қоршаған табиғатты сүйе білу, патриоттық тәрбие беру; Зиянды әрекеттермен күрес, құмар ойындардың алдын алу;

– Ұрпақтар сабақтастығы – ұлттың рухани тұтастығын сақтап, болашаққа бағыттайтын алтын көпір. Әрбір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт- дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі мен ділі, мәдениеті мен тарихы – баға жетпес рухани қазынасы. Осы құндылықтарды кейінгі ұрпақтарға аманат етіп жеткізу – баршамыздың ортақ міндетіміз, – деді бірінші болып сөз алған Мұхтар Еркетаев, – қазақ халқы ежелден үлкенді сыйлауды, кішіге қамқор болуды, ата-ананы құрметтеуді, елін сүюді өмірлік ұстаным еткен. «Үлкенге құрмет – кішіге ізет», «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген нақыл сөздердің астарында терең тәрбие, өмірлік мол тәжірибе жатқанын көрсетеді.

– Ұлттық құндылықтың негізі – ана тілі, туған жерге деген сүйіспеншілік, отбасылық тәрбие, ұлттық дәстүр мен мәдени мұра. Тілін құрметтеген ұрпақ өз тарихын құрметтейді, дәстүрін дәріптеген ұрпақ өз болашағына аса жауапкершілікпен қарайды, – деді Павел Казанцев өз сөзінде, – бүгінгі жаһандану дәуірінде жас ұрпақтың бойында ұлттық болмыс сіңірудің маңызы зор. Өйткені заманауи білім мен технологияны меңгеру қаншалықты маңызды болса, ұлттық тамырдан ажырамау соншалықты маңызды.

Бұдан кейін сөз сөйлегендер: Есіл ауданы Ардагерлер кеңесінің төрайымы – Ш.Әбенқызы, белсенді ардагерлер – Ө.Иманхожина, К.Жанұзақов, Б.Құлтанов, С.Сәмиев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» бастамасына кеңірек тоқталып, өз ойларын білдірді. Көптеген жанды мысалдар келтірді. «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» тақырыбында өткен Есіл ауданы Ардагерлер кеңесінде өткізілген бұл жиын қоршаған ортаның тазалығымен қатар, адам бойындағы ой тазалығын, ниет тазалығын, ар тазалығын мегзейтінін, өйткені таза адам жауапты, айналасына жанашыр, туған жеріне қамқор болатынын, осындай қасиеттерді жас ұрпақтың бойына сіңіру аға буынның өнегелері арқылы жүзеге асатынын түйіндеді.

Өріс ЯШҰКІРҚЫЗЫ,
медиатоптың мүшесі

№139 (5037) 24/11/2026 Сейсенбі



Қашан да елдің атын, жердің атын қиын-қыстауда қол бастаған батырлары, топ жарған от тілді, орақ ауызды ақын-жыраулары, ал бейбіт өмірде – өнерпаз, еңбекшіл ұл-қыздары шығарады ғой.
Қазақтың шешендік өнеріне, ақындар айтысына атақты саяхатшы-ғалымдар Г.Н.Потанин, А.Янушкевич талай тамсана таңдай қаққан екен.

ТОПЖАРҒАН

Поляк журналисі Адольф Янушкевич «Күнделіктер мен хаттар» атты еңбегінде атағы бүкіл қазақ даласына мәшһүр болған қос жанары солса да, көкірегі ояу Жазық есімді ақын қызды көруге құмартып, әдейі кездескендегі сәтін үлкен тебіреніспе дәріптеген: «...Мен оны тебірене тыңдадым. Ең атақты мадонналардың орындаған әнін тыңдағанда да мұндай әсер алмаған болар едім. Қазақ тілін білмегеніме қатты ашуландым, оның үстіне біздің тілмаштарымыз сиқырлы өлең сөздерін түсіне де, аудара да алмады. Оларға Жазықтың жырлары тіпті шалыс, көмескі болып та көрінетін сияқты. Ғұмыры кітап бетін ашпаған бұл адамдардан не қайыр, не үміт?! Әйтсе де ақын қыздың өз ойларын шиыршық атып, толғана түйіндейтінін, толғаудың, әсіресе, ұйқастары ғажап екенін олар да мойындайды».

Ақын құдіреттілігі деген осы емес пе?! Тілі бөтен болса да, өнері тәнті қылған әлгіндей өнерпаздары арқылы қазақ халқын жақын танып, импровизаторлық дарынына таңырқай қараған зерттеушілер көп болған.

Ереймен өңірінен шыққан ақын-жыраулар аз емес. Әріден бастасақ, біріміз білсек, біріміз біле бермейтін Үмбетей жырауды алдымен ауызға алған дұрыс. Бұл – атақты Қанжығалы қарт Бөгенбай батыр мен көмекей әулие атанған Бұқар жыраудың замандасы.

Кейінгі буындардан әнші-сері атанған Естай ақынды, іле оның ізін басқан Бекболат Меркемелиденұлын, Аманжол Әлжановты, Қасен Төрегелдинді ерекше атаған жөн.

Бекболатты оқырман қауымға таныстырардан бұрын оның өмірбаяны, ақын боп қалыптасу кезеңдеріне үңіле кеткен дұрыс болар.

Ақынның туған қызы, Ереймен ұстаздарының алды болған Райхан апай кезінде бізге әкесі жайлы көпшілік біле бермейтін біраз естеліктер айтып еді.

Біз ол кісілермен ұзақ уақыт көрші боп тұрдық. Әкесі Бекболат ақынды талай мәрте көрдік, бала болсақ та әңгімелерін естіп жүрдік.

Соғыстан оралмаған ағасы Рәшид марқұмның ұлы Сәбит ағаны, Алматыдан Ерейменге келгенде, әке-шешеміз құрметтеп қонақ қылатын. Мінезі жайсаң, ақжарқын кейпі көз алдымызда.

Бекболаттың әкесі – Меркемелиден, анасы Зейнеп оның ақын болып қалыптасуына көп еңбек сіңірген кісілер.

Жас ақын үйдегі үш ұлдың кенжесі екен. Әке-шешесінің тұрған жері – Баянауылдың Семізбұғы деген ауылы.

Аумалы-төкпелі заманда Меркемелиден мен Зейнептің соңына түскен адамдар аз болмаған. Ауыл балаларына білім беретін ұстазды көрсететіндер көп болып, Меркемелиден бірнеше рет абақтыға қамалады.

– Үйдің үлкені ұсталғаннан кейін, ана мен баладан маза кетті ғой, – деп еске алып еді өткендегі қиянатты Райхан Бекболатқызы. – Әкесінің денсаулығы нашарлап, ағалары бірінен соң бірі шетінеді.

Ес біле бастаған болашақ ақын баланы, анасы Зейнепті бұл жердегі тіршілік тұрмысының ауырлауына байланысты Ерейменнің Үштөбе қыстағында тұратын Жаншуақ деген сыйлас адам көшіріп алады. Олар осы жерді мекендеп тұрып қалған.

Жаншуақ қайтпас сапарға аттанар алдында інісі мен үлкен баласын шақырып алып: «Баян баласы үш үй болсаңдар, Меркемелиден ұрпағымен төрт үй болыңдар. Сендерге айтар аманатым: оларды тұмсықтыға шоқтырмай, қанаттыға қақтырмай өсіріңдер!» деп жүріп кетіпті.

Бекболат жасынан ащы өмірдің зардабын, халық басына түскен ауыртпалықты, күйзелісті, жоқшылықты көріп өседі.

аралықта Мәшһүр Жүсіппен, Сәкен Сейфуллинмен кездескен.

Ал кейінірек Қарағандының педагогикалық училищесін бітіріп, ол жерде ұстаздық қызмет атқарады. Тек Ұлы Отан соғысы басталар алдында Ерейментаудың Торғай елді мекеніне мектепке қызметке ауысады.

Сұрапыл соғыс талай жанның үмітін үзіп, отын өшірді. Сол тұстағы қабырға қайысқан қиыншылықтарда ақынның патриоттық тақырыптағы ерлік өлеңдері жалынмен бірге өрілді.

Қарт ақынның жүрегіне соғысқа аттанған сүйікті жалғыз ұлының қайғылы қазасы ауыр жарақат түсірді, бар сенген сүйенішінен күдер үзу – өлшеусіз қасірет еді.

Ақынның баласына арнаған «Қайдасың, Рәшид, қайдасың?!» өлеңі ел аузында берік орнап қалды. Семей облыстық филармониясының көпке танымал әйгілі әншісі Мәдениет Ешекеевтің орындауында нақышына келтіріліп шырқалып жүрді.

Абзал адам өмірінің соңғы шағында 1961 жылы 3-5 тамыз аралығында өткен республикалық халық ақындарының айтысына қатысып, Кенен Әзірбаев, Омар Шипин, Қалқа Жапсарбаев, тағы басқа дүлдүл ақын-жыраулармен жүздеседі. Ақындардың тұңғыш рет ұйымдастырылған басқосуында Бекең өзінің жыр маржанын төгеді.

Бұл 1963 жылы М.Қаратаев, М.Базарбаев сияқты әдебиет қайраткерлерінің алғы сөзімен «Ақындар жыры» болып басылып шықты.

Бекболат Меркемелиденұлына «Халық ақыны» атағы беріліп, көп жылғы шығармашылық еңбегі еленіп, Жазушылар Одағының мүшелігіне ұсынылды.

Сұм ажал 1962 жылы ақынды арамыздан алып кетті.

Райхан апамыз бен Долдаш ағамыздың өмірден озғандарына көп болды. Бірақ, нағашы атасының жүріп өткен жолдарын жан-жақты білетін бір ұрпағы бар. Ол – Аян Хасенов.



Жас күнімде көргенім қазақ арба,
О дағы болатұғын малы бар да.
Майламайтын, арбаны жайламайтын,
Көшкенде шиқылдайтын басып зорға.

Зерделі бала ауыл молдасынан хат таниды. Бірақ көңілі толмай, 1907 жылы Ақмолада татар мұғалімдерінен жәдитше оқып, азын-аулақ ғылымнан хабардар болады. Балаң жігіттің суырып салма ақындығы, тапқыр сөздері сол кездердің өзінде-ақ көзге көріне бастайды.

1916 жылғы патша өкіметінің қазақтан солдат алуы туралы июнь жарлығы тұяқ серіппей мүлгіген қазақ даласын дүр сілкіндірді. Ереймендегі халық көтерілісіне Бекболат та қатысқан, бұл оның дүниетанымының жетілуіне, көзқарасының қалыптасуына игі әсер етеді.

Бекболат 1923 жылы Қызылжар қаласындағы мұғалімдер даярлайтын курсты тәмамдап, 1924 жылдан 1932 жылға дейін Баянауылда бала оқытқан. Осы

> Ақын құдіреттілігі деген осы емес пе?! Тілі бөтен болса да, өнері тәнті қылған әлгіндей өнерпаздары арқылы қазақ халқын жақын танып, импровизаторлық дарынына таңырқай қараған зерттеушілер көп болған

Бекболат – шаршы топта айтысқа түсіп, ауданда, облыста жүзден жүйрік шыққандардың бірі. Кәрілік меңдегенімен ұлы додаға түскенінде шабытына мінгендей буырқанып, шабысынан жаңылмайтын сәйгүліктерге ұқсаған.

Осы азаматтың бастауымен ақынға, дүниеден ерте кеткен балаларына арнап ас берілуде. Сонымен қатар ұлы бабасының құрметіне Аян арнайы кітап шығарды.

Тағы бір айтатын жайт, Райхан апай көзі тірісінде үлкен немересіне соғыста хабарсыз кеткен ағасының атын қойды. Сол Рәшид есімді азамат – елдің санатты жігіттерінің бірі.

Енді Аянға келсек, оның ұлының аты – Бекболат!

Жақсы әулеттің осы ұрпағының тойында қадірлі қонақ ретінде қатысқанбыз.

«Өлді деуге бола ма,
айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» деп Ұлы Абай айтқандай, Ереймен өңірінен шыққан Бекболат Меркемелиденұлының зиялы сөзі, өлеңжырлары түлеген үстіне түлеп, сөз бағасын білген жанның рухани азығына айналғаны хақ.

Жанат ТҮГЕЛБАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

СУРЕТСӨЗ



ЖАСЫН ОЙНАТҚАН ЖАСЫН

(Дулат, Асқар және «Қарғын»)

Біз оқуға түскенде Дулат Исабековтің әйгілі «Қарғын» романының басылып шыққанына бір-ақ жыл бопты. Студент атаулы іздеп жүріп оқитын дүние. Кітап дүкеніне түскен бетте әбжіл қимылдап, үлгеріп сатып алғандар бір отар қойы бар адамдай маңғазданып жүреді. Саған оқи тұруға оңайлықпен бермейді. Сосын қатардан қалмау үшін кітапханаға тартасың. Қысқасы, «Қарғынды» оқыған да арманда, оқымаған да арманда...

Жұртқа танымал жас жазушы Жасын Мәдиев пен Алматыға енді ғана табан іліктірген бойжеткен Бағиланың арасындағы сырлы сезім студент санатындағы ұл мен қыздың бәрін еліктірді. Көпшілікті мазалаған жалғыз-ақ сауал мынау еді. От көрген көбелектей шырқ үйіріліп жүрген Бағила бикештің бір жөні болар, ал әлгі жан баласына басын имейтін, білім-білігіне ешкім тең келмейтін Жасын дегенің кім өзі? Қай жазушының прототипі? Елдің бәрі аузын ашып, көзін жұматындай деңгейде бағалануға лайық кім бар еді қазақ қаламгерлерінің арасында? Романның басты кейіпкері Дулат ағаның өзі ме, жоқ әлде...

Көп ұзамай бір ауыздан теңдесі жоқ сөз зергері Асқар Сүлейменовтің аты аталды. Мұны Дулат ағаның өзі де онша теріске шығармаған сияқты. Бұл болжам онсыз да халықтық шығармаға айнала бастаған ғажайып туындының бәсін одан әрі арттыра түсті. Бірақ ылғи да ой үстінде жүретін, асқақ мінез Асекеңді әп-сәтте жас қыздың жүрегін жаулап алатын сал-серіге балау қиындау еді. Бір өзінде бірнеше өнердің тізгіні бар, өз дәуірінде серіліктің өлшеміне айналған Сәкен Жүнісов туралы әңгіме қозғалса жөн ғой, ал алтын сақа сынды Асқар Сүлейменов көріктілерді арбайтын бөріктілерден гөрі орнықты оқымыстыға, зиятты зиялыға көбірек ұқсайтын-ды. Тіпті сол кісінің бойжеткен-сойжеткенге көңіл бөліп жүруге де уақыты тапшы секілді көрінетін. Бірақ бәрібір Жасынның Асқарға телінуі жұрттың оған деген құрметін арттырды.

Бұл – жазушы Дулат Исабековтің шеберлігінде шек жоқ екендігінің дәлелі. Қадірлі қаламгердің осы кейіпкері де халықтық кейіпкерге айналды. Сөйтіп, «Қарғыннан» қарқын алған Жасын қазақ руханиятының көгінде шынында да жасын ойнатты. Шығарма жаппай оқылды. Оқымағандар өкінді.

Мына суретте жас Дулат Исабековтің бұрынғы кеңестік жүйедегі ресми жиындардың бірінде қаламгер ретінде қатысқан сәті бейнеленген. Бұл, шамамен «Қарғынның» баспаға тапсырылған мезгілі болу керек. Қазақ фотоөнерінің Жасыны – Шүкір Шахай сол съезде жазушы ағасының өте көңілді отырғанын көріп, бес қаруын білдірмей сайлап алған да, қиялап тұрып тартып жіберген ғой...

Сол сурет – осы.

Бауыржан ОМАРҰЛЫ



ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ ЖАЛҒАСАДЫ

18 қарашада қалалық әкімдіктің мәжіліс залында «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Төралқасының отырысы өтті. Оған еліміздің белсенді ардагерлері қатысты. Төралқаның жұмысы офлайн және онлайн режимде өтті. Отырысты орталық кеңестің төрағасы Әбілғазы Құсайынов ашты.

Басында «Ардагерлер ұйымы» РҚБ активінің жаңа құрамы ұсынылды, оған белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері кірді. Олардың ішінде комитет басшылары мен республикалық Ардагерлер кеңесінің консультанттары бар. Орталық кеңестің төрағасы Ә.Құсайынов Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Есіловты мерейтойымен құттықтады. Мерейтой иесі көрсеткен құрметіне алғысын білдіріп, ұрпақтар сабақтастығы бойынша одан әрі жұмысты жалғастыратынына сендірді.

Орталық аппарат төрағасы Мемлекет басшысының «Қазақстанның жаңа тарихи циклдегі өзекті міндеттері» Жолдауының негізгі ережелеріне тоқталды. Ә.Құсайынов «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар бағдарламасын іске асыру барысы туралы» күн тәртібіндегі екінші мәселеге кірісіп, бүгінгі күннің шындығына сүйене отырып, ардагерлер туралы Заңға нақты ұсыныстар енгізу қажеттігі туралы айтты. Сондай-ақ спикердің айтуынша, жарғы елеулі өзгерістерді, елеулі, түбегейлі қайта қарауды талап етеді. Сөз барысында ол отбасылардағы тәрбие процестеріне ерекше назар аударуды ұсынды. Мысалы, отбасындағы ардагер өз ортасында тәрбие жұмысын жүргізе алады. «Осындай белсенді жұмыс кезінде отбасыларда тәрбиелі ұрпақ болады» деп есептейді спикер. Жастардың жасы бойынша үлкендерге деген дәстүрлі құрметі туралы да айтылды.

Бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, қоғамдық көлікте қарттарға арналған орындарды қарастыру ұсынылды, жас ерекшеліктерін қолдау бойынша басқа да бастамалар ілгерілеуде. Іске асырылып жатқан бағдарламаның негізгі 7 бағыты бойынша, оның ішінде «Оқырман ұлт» тармағы бойынша жоспарлы іс-шаралар жүргізілуде. Спикер өңірлерден келген зейнеткерлердің мәселелерін, соның ішінде емдеу, жеңілдіктер, Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары және басқаларын айтты. Барлық өңірлік мәселелер бойынша, нақты ұсыныстар, бүгінгі шындық жағдайындағы шешу жолдары берілді.

Есептермен Батыс Қазақстан, Атырау, Жамбыл, Көкшетау Ардагерлер кеңесінің төрағалары сөз сөйледі. Жұмыс тәжірибесімен Солтүстік Қазақстан облысының ардагерлері бөлісті.

Төралқаның күн тәртібіндегі талқыланатын мәселелер бойынша Қаулы қабылданды. Отырыс барысында депутат Е.В.Смышляеваның, сондай-ақ халық кеңесінің қоғамдық бастамаларды дамыту бойынша республиканың ардагерлер қауымдастығымен алдағы бірлескен жұмысы туралы бастамалары айтылды, өйткені аға буынның тәжірибесі белгілі бір қызығушылық тудырады. Болашақта, спикерлердің айтуынша, зейнеткерлерді заманауи коммуникациялардың көптеген түрлеріне оқыту бойынша жобалар жоспарлануда.

Раиса АҒЫБАЕВА,
Астана қаласы Ардагерлер кеңесі медиатобының жетекшісі

ДАЛА ҚОҢЫРАУЫ

Астана қаласының Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің ұсынысы бойынша «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының қызмет алушыларынан құрылған «Ұрпаққа аманат» зияткерлер клубы мен № 98 мектеп-лицейінің оқушылары бірлесіп өткізген «Дала қоңырауы» атты әдеби-танымдық кеш өтті.

Бұл шара ұлы ағартушы, ұстаз, жазушы, педагог, балалар әдебиетінің негізін қалаушы Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдық мерейтойына арналды.

Кештің мақсаты – ұлы ағартушының өмірі мен шығармашылығын насихаттау, жас ұрпақты білімге, өнерге, адамгершілікке тәрбиелеу, сондай-ақ зейнеткерлер мен мектеп оқушылары арасындағы ұрпақ сабақтастығын нығайтып, «Ұрпаққа аманат» жобасы аясында өнегелі тәрбие беру.

Жүргізуші, зияткерлер клубының белсенді мүшесі Майшекер Жаннатова өз сөзінде: «Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының беткеүстар ұлдарының бірі. Ол бар ғұмырын халқына білім беруге, балалардың көзін ашуға арнады. Ұлы ұстаздың «Кел, балалар, оқылық!» деген үндеуі бүгінгі ұрпаққа да жол көрсетіп отыр» деді.

Ы.Алтынсарин 1841 жылы 20 қазанда қазіргі Қостанай облысы аумағында дүниеге келген. Әкесі ерте қайтыс болып, атасы Балқожа бидің тәрбиесінде өседі. 1850 жылы Орынбор қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепке түсіп, оны 1857 жылы үздік аяқтайды. Білімге құштар Ыбырай халыққа қызмет етуді мақсат етеді. 1864 жылы 8 қаңтарда Торғай қаласында қазақ балаларына арналған алғашқы мектептердің бірін ашып, балаларды оқуға, өнерге, білім мен еңбекке шақырады.

Ұлы ағартушының қысқаша өмірбаяны таныстырылған соң, мектеп-лицей оқушылары ақынның «Кел, балалар, оқылық!», «Өзен», «Қарға мен түлкі», «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдерін жатқа оқыды. «Ұрпаққа аманат» зияткерлер клубының ата-әжелері мен оқушылар бірігіп «Ұстазым» әнін шырқады. Мұндай бірлестік жиналғандарды шынайы сезімге бөлеп, ерекше әсер қалдырды.

Бұдан соң ардагерлеріміз жас ұрпаққа ақыл-кеңестерін айтып, өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Арқалық қаласының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері, ардақты ұстаз Жәнібек Ғапбасұлы өзінің өнегелі өмір жолына қысқаша тоқталып, жас ұрпақтың сапалы білім алуына тілектестігін білдірді. Ал зияткерлер клубының белді мүшесі, Зайсан қаласының құрметті азаматы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, абайтанушы Қалибек Алтынбай өнерлі ата-әжелер мен оқушыларға ақ батасын берді.

Мектеп-лицей әкімшілігі тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Ақшабақ Сұлтанованың атынан ардагерлерге тағылымды кеш өткізгендері үшін ризашылық білдіріп, «Алғыс хат» табыс етті.

Баянды ӘЛПИ,
ҚР Жазушылар одағының мүшесі, Алматы ауданы Ардагерлер кеңесі медиатобының жетекшісі



НЕГЕ БІЗ АИТВ ТУРАЛЫ АЙТАМЫЗ?

АИТВ инфекциясы қоғамдық денсаулық сақтаудың жаһандық мәселелерінің бірі болып қала береді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша, эпидемия басталғалы бері бұл вирус 40 миллионнан астам адамның өмірін қиды. Әлемде АИТВ-мен өмір сүріп жатқан 41 миллионға жуық адам бар және жыл сайын жүздеген мың жаңа жағдай тіркеледі.

Бүгінгі күні АИТВ инфекциясы туралы көбісі біледі, алайда бұл инфекцияның төңірегінде әлі де болса көптеген үрей, миф пен қасаң қате пікірлер бар. Кейде бұл мифтер ауыздан-ауызға соншалықты сенімді түрде таратылып, ақиқат ретінде қабылдана бастайды. Біреулер АИТВ тек «белгілі бір топтағы адамдарға» ғана қатысты деп есептесе, екіншілері АИТВ-сы бар адамды сыртқы келбетінен танып білуге болады деп сенімді түрде ойлайды.

Шын мәнінде, шынайы жағдай мүлде басқаша: АИТВ адамды сыртқы келбетіне, жасына, мамандығына немесе әлеуметтік статусына қарап таңдамайды. Ол әрбір жанға әсер етуі мүмкін, дәл сол себепті білім, жауапкершілік және өз денсаулығына мұқият қарау шешуші маңызға ие.

АИТВ – бұл адамның иммундық жүйесін зақымдап, оның қорғаныш функцияларын біртіндеп әлсірететін вирус. Инфекцияның басты қауіптілігі – ол ұзақ уақыт бойы ешқандай белгі бермеуі мүмкін. Адам өзін мүлдем сау сезініп, әдеттегі өмір салтын ұстанады, жоспарлар құрады, адамдармен қарым-қатынас жасайды және ағзада вирустың бар екенінен тіпті күдіктенбейді де. Сондықтан АИТВ-ны жиі «үнсіз инфекция» деп атайды. Осыған байланысты жүйелі түрде тестілеуден өту және алдын алу шаралары денсаулықты сақтап қалу үшін өмірлік маңызды қадамға айналады.

Заманауи медицина АИТВ инфекциясын емдеуде орасан зор жетістіктерге қол жеткізді. Егер бұрын бұл диагноз үкім ретінде қабылданса, бүгінде жағдай түбегейлі өзгерді. АИТВ бақыланатын созылмалы ауруға айналды. Өз статусын уақтылы біліп, терапияны бастаған адамдар ұзақ әрі толыққанды өмір сүре алады: жұмыс істейді, оқиды, сүйікті ісімен айналысады, отбасын құрады, саяхаттайды және сап-сау балалардың ата-анасы атанады. Сонымен қатар, дұрыс ем қабылдаған кезде вирус жүктемесі анықталмайтын деңгейге дейін төмендеуі мүмкін, бұл вирустың берілуін мүлде мүмкін емес етеді.

Дегенмен, медицинаның жетістіктеріне қарамастан, бұл мәселе әлі де өзекті болып қала береді. Көбіне мәселе емдеу мүмкіндіктерінің жоқтығында емес, ақпараттың аздығында, қорқыныш пен стигмада болып табылады. Көптеген адамдар тест тапсыру туралы ойлаудың өзінен қорқады, оны белгісіз уақытқа шегереді немесе «бұл маған қатысты емес» деп өздерін сендіреді. Бірақ дәл осындай ұстаным инфекцияның кеш анықталуының басты себептерінің біріне айналады.

АИТВ-ны елемеу оның жойылып кетуіне әкелмейді, керісінше, бұл мәселе мұқияттылық пен жауапкершілікті талап етеді. АИТВ-ның жұғу жолдарын білу маңызды. Адамның иммундық тапшылық вирусы қан арқылы, қорғалмаған жыныстық қатынас кезінде, сондай-ақ жүктілік, босану немесе емізу кезінде анадан балаға беріледі. АИТВ қол алысу, құшақтасу, ыдыс-аяқты бірге қолдану, бассейнде шомылу немесе жәндіктердің шағуы арқылы жұқпайды.

Дегенмен, бұл фактілерді білмеу қорқыныш тудырады, ал қорқыныш өз кезегінде стигма мен кемсітушілікке әкеледі. Адамдар айыпталудан қорқады, денсаулығы туралы сөйлесуден қашады, көмекке жүгінбейді және өз үрейімен жалғыз қалады. Кейде қоғамдық пікір адам үшін диагноздың өзінен де ауыр тиеді. АИТВ айыптауға себеп емес. Бұл – кез келген басқа созылмалы ауру сияқты емдеуді, мұқияттылықты және қолдауды қажет ететін медициналық жағдай.

Тестті өз уақытында тапсыру – қорқыныштың белгісі емес, керісінше, жауапкершіліктің және өзіне деген қамқорлықтың көрінісі екенін түсіну маңызды. Бүгінгі таңда АИТВ-ға тесттен тез, тегін және құпия түрде өтуге болады. Бұл қарапайым қадам адамға ең басты нәрсені – сенімділік пен өз денсаулығын бақылауда ұстау мүмкіндігін береді. АИТВ инфекциясы ерте анықталған жағдайда, емді уақытында бастау өмір сапасын жоғары деңгейде сақтауға және асқынулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

АИТВ-ның алдын алу инфекцияның таралуын азайтуда басты рөл атқарады. Жауапты мінез-құлық, жыныстық қатынас кезінде қорғану құралдарын қолдану, қауіпті жағдайлардан бас тарту инфекция жұқтыру қаупін айтарлықтай төмендетеді. Бұл шаралар қарапайым болғанымен, дәл осылар сенің денсаулығыңды қорғай алады.

Қоғамда түсіністік пен қабылдау мәдениетін қалыптастырудың маңызы да кем түспейді. Әрбір диагноздың артында әрдайым өзіндік сезімдері, армандары, қорқыныштары мен үміттері бар адам тұрады. Ол адам айыптауды емес, құрмет пен қолдауды қажет етеді. Қоғамның көзқарасы көбінесе адамның диагнозды қаншалықты жеңіл қабылдап, емдеуді бастайтынын анықтайды.

Бүгінде әркімнің таңдауы бар: білім мен фактілерге сүйену немесе қорқыныш пен мифтерде өмір сүру, мәселеге көз жұму немесе өз денсаулығына қамқорлық жасау, бұл тақырыптан қашу немесе бұл туралы ашық әрі сабырлы сөйлесу. Бұл таңдау шынымен де маңызды, өйткені ол тек бір адамға ғана емес, тұтас қоғамға әсер етеді.

АИТВ-ны тоқтату мүмкін. Бірақ бұған апаратын жол тек медициналық кабинеттерден ғана басталмайды. Ол хабардарлықтан, жауапкершіліктен және өмірге деген құрметтен басталады. Кейде бір ғана білім мен бір дұрыс қадам тағдырды өзгерте алады – денсаулықты, тыныштықты және болашақты сақтап қалады. Дәл осы білім АИТВ-ны тоқтатуға көмектесетін қорғанысқа айналады.

Егер сізде АИТВ-инфекциясының алдын алуға байланысты сұрақтар туындаса, сіз мына мекенжай бойынша АИТВ инфекциясының алдын алу орталығында тегін кеңес алып, тексеруден өте аласыз: Астана қаласы, Есенберлин көшесі, 5/1, сенім телефондары: 57-67-20, 38-07-02.

Д.БЕКСУЛТАНОВА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК эпидемиолог дәрігері

№139 (5037) 24/11/2026 Сейсенбі





МАХАББАТТЫҢ ҚҰДІРЕТ КҮШІ...

Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «Өмірің – өз қолыңда» спектаклінің премьерасын өткізді. Қойылым тақырыбына енгізетін көрме ұсынды. Перфоманс жанрындағы қойылымның авторы – Эльдар Тоқтасын, қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Заң мен тәртіп» қағидаты бойынша қоғамдағы өзекті мәселелерді өнер тілі арқылы жеткізу жолында бұл – біздің театрымыздың үшінші қойылымы. Соның бірі, жалпы адамзатқа ортақ мәселе – нашақорлық. Осы мәселені қозғайтын үшінші спектакліміз – «Өмірің – өз қолыңда». Алғашқысы – Мәдина Омарованың «SOS» қойылымы, екіншісі – Қолғанат Мұраттың «Екі ғұмыр» спектаклі. «Өмірің – өз қолында» спектаклінің лейтмотиві Қадыр Мырза-Әлінің өлеңіне жазылған Сейдолла Бәйтерековтің «Өмір, өмір» атты атақты әні. Спектакльде айтылар идея – осындай тәуелділік құрсауынан шыға алмай жатқан адамды махаббатпен, мейіріммен алып шығуға болатынын көрсетеді» деді қоюшы режиссер Асхат Маемиров.

Астана қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілі, полиция капитаны Жандос Сейтенов аталмыш спектакль нашақорлықтың алдын алуға және есірткі бизнесіне қарсы бағытталған «Астана – есірткісіз қала» бағдарламасы және «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында ұсынылғанын атап өтті. Есірткінің зияны туралы сөз сөйледі.

Қойылым желісін айтсақ, жеті жыл бұрын үйінен кетіп, ізім-қайым жоғалған Мұратты туған інісі Ералы ақыры тауып алады. Есірткіге тәуелділіктің шырмауында қалған ағасын аман алып қалу үшін Ералы оны емдеу орталығына әкеледі. Сол жерде Мұрат бір кездері сүйген қызы Жамалмен қайта кездеседі. Өткен күндердің елесі, жақындарының сағынышы мен Жамалға деген сезімі Мұратты өміріне жаңаша қарауға жетелейді. Махаббат оны есірткіге тәуелділіктен арылтады. Бұл спектакль адасқан адамның өз жолын қайта табуын, туған бауырдың жанашырлығы мен махаббаттың адамға берер күшін паш етеді.

Осы тұрғыдан спектакль белгілі ақын, жазушы Сайлау Байбосынның «Ажалын жоғалтқан адам» романымен үндес. Әдеби туындының бас кейіпкері Арғын басынан небір шым-шытырықты кешіп, ауыр дертке шалдығып, аурухана төсегіне таңылады. Емдеу мекемесінде дәрігер болып жұмыс істейтін алғашқы махаббаты Құралаймен ойда жоқта кездесіп, оның мейірімі мен қамқорлығы, қолданған емі арқасында дертінен құлан-таза айығып шығады.

Тағы бір ерекше айта кетерлігі, спектакльде ескі де, есті ретроәндер қолданылады. Сейдолла Бәйтерековтің Ермек Серкебаев танытқан «Өмір, өмір» ғана емес, осы композитордың «Жаңбырлы түн», «Бір болайық», т.б. туындылар қойылым мазмұнын ашады. Тағы бір белгілі әннің сөзімен айтқанда, махаббаттың құдірет күші небір қиындықты жеңуге жетелейтінін айғақтайды.

Қойылымда бас кейіпкерлерді – Мұраттың жас кезі мен ұлғайған шағын Мұхамедсаид Бағашаров пен Мақсат Қабдеш, бойжеткен Жамал мен дәрігер Жамалды Арелана Амангелді мен Жансұлу Төлеген, Ералыны Ілияс Өтетілеу сомдайды. Сондай-ақ ана бейнесінде Инабат Ризабекқызы, қосалқы басқа да рөлдерде Музыкалық жас көрермен театрының актерлері көрінеді.

БАС ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері Қытайда өткен X дүниежүзілік Қытай поэзиясын мәнерлеп оқу байқауында бас жүлде алды.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

2026 жылғы 14 қарашада Қытай Халық Республикасының Шанхай қаласындағы Шанхай университетінде «Он жылдық бірлік – поэзияның мәңгілік үні» атты байқаудың финалдық кезеңі өтті. Халықаралық өнер додасына Қытайдың және шетелдердің жоғары оқу орындарынан келген командалар қатысты.

Байқауда ЕҰУ Қытай филологиясы кафедрасының «Шетел филологиясы: қытай тілі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын Миллат Аяулым, Есенгелді Перизат және Аспандиярова Айғаным университет намысын қорғады. Олар қытайдың классикалық поэзиясын мәнерлеп оқып, көрермендер мен қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Нәтижесінде команда шетелдік қатысушылар арасында бас жүлдені жеңіп алып, Қытай поэзиясы қауымдастығы мен Қытай дәстүрлі поэтика қоғамы тағайындаған құрмет грамотасымен марапатталды.

Байқауды ҚХР Білім министрлігі жанындағы Қытайдың үздік дәстүрлі мәдениетін мұраға қалдыру базасы – Шанхай университетінің қытайдың классикалық поэзиясын мәнерлеп оқу және шығармашылықпен жазу орталығы ұйымдастырған.



Жеңімпаз студенттер мен олардың жетекшілері Гүлжан Ахметбекті ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ардақ Бейсенбай, Филология факультетінің деканы Серікзат Дүйсенғазы және Қытай филологиясы кафедрасының меңгерушісі Асыл Карипхан арнайы қабылдап, жетістіктерімен құттықтады.

ЕЛОРДАЛЫҚ БОКСШЫЛАР ЕРЛЕДІ

Астанада 2009-2010 жылдары туған жасөспірімдер арасында бокстан Қазақстан Республикасының чемпионаты аяқталды. Ел біріншілігінің қорытындысы бойынша елордалық спортшылар екі алтын және бір күміс медаль жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте үшінші орынға ие болды. Сонымен қатар Астана қаласының өкілі Досжан Жұмақан турнирдің «Үздік боксшысы» атанды.



16-22 қараша аралығында «Beeline Arena» ұлттық теннис орталығында өткен ел чемпионатына еліміздің 17 облысы мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан 346 боксшы қатысты. Жарыста 10 салмақ дәрежесі бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды. Ал 22 қарашада өткен финалдық жекпе-жектерде Астана қаласының үш боксшысы шаршы алаңға шығып, ел чемпионы атағы үшін сынға түсті.

65 келі салмақ дәрежесінде Досжан Жұмақан финалда Алматы қаласының өкілі Эмир Мұхитпен кездесті. Тартысты өткен жекпе-жекте елордалық боксшы төрешілердің 3:2 есебімен қабылдаған шешімі бойынша жеңіске жетіп, Қазақстан чемпионы атанды. Сонымен қатар Досжан Жұмақан жарыс қорытындысы бойынша «Үздік боксшы» номинациясының иегері атанды.

Елорда қоржынына екінші алтын медальді 90 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Сабыржан Сағым салды. Ол ақтық сында Жетісу облысының өкілі Рамазан Қазнабаймен кездесіп, төрешілердің бірауыздан қабылдаған шешімімен 5:0 есебімен басым түсті. Осылайша, Сабыржан Сағым өз салмағында Қазақстан чемпионы атанды.

Ал 50 келі салмақ дәрежесінде бақ сынаған Ален Мұхитұлы ел чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Финалдық кездесуде ол Шығыс Қазақстан облысының боксшысы Арман Мырзабитпен жұдырықтасты. Жекпе-жек қарсыласының пайдасына 5:0 есебімен аяқталып, елордалық спортшы күміс медальді еншіледі.

Айта кетейік, елордалық үш боксшы да жартылай финалдық кездесулерде қарсыластарынан басым түсіп, ақтық сынға жолдама алған болатын. Атап айтқанда, Досжан Жұмақан Абай облысының өкілі Әзиз Дулатты 5:0 есебімен жеңсе, Сабыржан Сағым Шығыс Қазақстан облысының боксшысы Ринат Ерболұлынан дәл осындай есеппен басым түсті. Ал Ален Мұхитұлы Алматы облысының өкілі Ислам Болатбекті жеңіп, финалға шықты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДЕ АЛТЫН АЛДЫ

Астанада өтіп жатқан конкурдан FEI Jumping World Cup Eurasian League Final (CSI1-W LF Astana 2026) халықаралық турнирінде астаналық шабандоздар екі бағдарлама бойынша қарсыластарынан озып, жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді.

Айталық, 140 сантиметрлік кедергілерді бағындыруда Астана өкілі Раиса Соколенко URAN - NAD WIGRAMI атты сәйгүлігімен ешбір қателік жібермей, бірінші орын иеленді. Екінші орынға Қырғызстан шабандозы Ринат Галимов жайғасса, үздік үштікті Өзбекстан өкілі Бекзод Курбанов түйіндеді. Бұл бағдарламада тағы бір елордалық спортшы Нұрила Тұрысбекова бесінші нәтиже көрсетті.

Ал 130 сантиметрлік кедергілерден өту сайысында Олег Соколенко SHENANIGAN атты сәйгүлігімен қарсыластарынан басым түсіп, алтын медаль жеңіп алды. Қырғызстандық Игорь Козубаев екінші, Ринат Галимов үшінші орынға тұрақтады. Астаналық шабандоз Нұрила Тұрысбекова бұл бағдарламада да үздік бестік қатарына енді.

Осылайша, халықаралық турнирде Раиса мен Олег Соколенко ел қоржынына екі алтын медаль салды. Сонымен қатар Нұрила Тұрысбекова екі бағдарламада да үздік бестіктен көрініп, жоғары нәтиже көрсетті.



Фото Алибай Аяпбергенов Kazinform

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №139
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ